

## Дүниежүзілік Нан күні: молшылық, ырыс, береке

Нан - үйдегі молшылық пен жақсылықтың нышаны. Қиын-қыспақ, соғыс, зобалаң кезеңдерде талай адам бір үзіммен амалдап, жан баққаны туралы тарихи деректер де аз емес.

Халқымыз нанды ас атасы деп қасиет тұтып, «Нанды аяққа баспа, жерге тастама, киесі атады» дейтін тәлімдік терең мағыналы ұғым қалыптастырды.

Заман өзгеріп, көптеген дәстүрлер көмескі тартса да нанға деген құрмет әрқашанда сақталды. Нанды қастерлеу үрдісі әлі күнге дейін жалғасып келеді. Нан көптеген еңбек пен техникалардың күші арқылы астық өсіруден бастап, өнім жинаудан - ұн мен өнім өндіруге дейінгі ұзақ жолдан өтіп, біздің дастарханымыздан орын алады. Сондықтан нанның да өз мерекесінің болуы заңдылық.

Осыған орай барлық наубайшыларға, барлық диқаншыларға адал және құрметті еңбегі үшін алғыс айтамыз. Сіздерге толағай табыстар, денсаулық және амандық тілеймін.

**Құрметпен, аудан әкімі Ардақ Смаилов.**



### Құрметті аудан тұрғындары және қонақтар!

12 - қазан күніне жоспарланған ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ауа-райына байланысты ауыстырылған еді.

Сіздерді 22 қазанда сағат 10.00-де орталық алаңда өтетін «Күз тартуы» жәрмеңкесіне шақырамыз.

\*\*\*

### Уважаемые жители и гости района!

В связи с погодными условиями сельскохозяйственная ярмарка, запланированная на 12 октября текущего года, была отменена.

Приглашаем вас на ярмарку «Дары осени», которая состоится 22 октября в 10.00 на центральной площади.

## Мәслихаттардың 30 жылдығына арналған тартысты бәсеке

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының 30 жылдығына орай аудандық мәслихат ұйымдастырған спартакиада өз мәресіне жетті. Бұл аудандық мәслихаттың шақыруымен көршілес аудандардан: Бурабай, Астрахан және Біржан Сал мәслихаттарының командалары қатысуымен өтті.



Спартакиада салтанатты ашылудан басталды, онда Бұланды ауданының әкімі Ардақ Дулатұлы Смайылов, аудандық мәслихат төрағасы Нұрбек Балтабекұлы Сексенов сөз сөйледі. Олар аудандар арасындағы бірлік пен өзара іс-қимылдың маңыздылығын атап өтті, сондай-ақ спорттың қоғам өміріндегі маңыздылығын тілге тиек етті. Спартакиадаға аудандық мәслихат ардагерлері, түрлі құрылымдардың басшылары шақырылды.

Спартакиаданың ашылу және жабылу салтанаты Макинск қаласының БЖСМ-де өтті және үш спорт түрін қамтыды: волейбол, шахмат және үстел теннисі. Жарыс атмосферасы достық пен спорттық бәсекелестік рухына толы болды.

Командалар жүлделі орындар үшін құлшыныспен күресті. Волейболда көрермендер динамикалық матчтардан ләззат алды, онда әр команда керемет техника мен командалық рухты көрсетті. Бұланды ауданы үйлесімді ойын мен жанкүйерлердің қолдауының арқасында жеңіске жеткен финалдық матч ерекше есте қалды. 2-орынды Біржан Сал ауданының командасы иеленді. 3-орынға Бурабай ауданының командасы ие болды.

Үстел теннисі жарысқа қосымша ритм қосты. Жылдам раундтар мен керемет ойын ешбір көрерменді бей-жай қалдырмады. Ойыншылар керемет дағдыларын көрсетті және өз өнерлері үшін қошеметке ие болды. Үстел теннисінен жарыс қорытындысы бойынша 1-орынды Біржан Сал ауданының ойыншылары, 2-орынды Астрахан ауданының командасы, 3-орынды Бурабай ауданының командасы жеңіп алды.

Шахмат турнирінде нағыз интеллектуалды шайқас басталды. Қатысушылар стратегиялық ойлау мен шыдамдылық танытты. Ойынды тамашалай отырып, көрермендер шиеленіс пен толқуды сезіне алды, әсіресе шешуші партияларда. Шахматтан 3-орынды Астрахан ауданының командасы, Бурабай ауданының ойыншылары 2-орынды, ал 1-орынды Бұланды ауданының командасы жеңіп алды.

Барлық жарыстардың соңында салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Командалар медальдар мен кубоктар, сондай-ақ естелік сыйлықтар алды. Жалпы командалық 1-орынды Бұланды ауданы, 2-орынды Біржан Сал ауданы, 3-орынды Бурабай ауданы иеленді.

Жеңімпаздар мен қатысушыларды құттықтаймыз! Командаларды қолдап, атсалысқан барлықтарыңызға рахмет!

Бұл іс-шара спорттық жетістіктер алаңы ғана емес, сонымен қатар аудандар арасындағы достық байланыстарды нығайтуға тамаша мүмкіндік болды.

8-шақырылым депутаттарына, спорт және мәдениет бөлімінің басшысы С.Т. Шортаевқа, аудандық мәдениет үйінің директоры А.Ж. Кенжеғалиевке, бас дәрігердің м.а. М.Ж. Алтыбаевқа, БЖСМ директоры С.М. Шайкеновке, Қоғамдық кеңес мүшесі Ж. Зандыбайға, «Береке» кафеінің әкімшілігі мен персоналына, Ю. Телепневке, «Новобратское и К» ЖШС директоры В. Кужлевке, сондай-ақ осы іс-шараны ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдескендердің барлығына Бұланды аудандық мәслихаты алғысын білдіреді.

\*\*\*

## Встреча любителей спорта, посвященная юбилею маслихатов

В районе состоялась спартакиада, организованная районным маслихатом в честь 30-летия маслихатов Республики Казахстан. По приглашению Буландынского районного маслихата приняли участие команды маслихатов из соседних районов: Бурабайский, Астраханский и Биржан Сал.

Спартакиада началась с торжественного открытия, на котором выступили аким района Ардақ Дулатович Смаилов, председатель районного маслихата Нурбек Балтабекович Сексенов. Они отметили важность единства и взаимодействия между районами, а также подчеркнули значимость спорта в жизни общества. На спартакиаду были приглашены ветераны районного маслихата, руководители различных структур.

Церемония открытия и закрытия спартакиады прошла в ДЮСШ города Макинск, в программу спартакиады вошли соревнования по трем видам спорта: волейбол, шахматы и настольный теннис. Атмосфера соревнований была наполнена духом дружбы и спортивного соперничества.

Команды с энтузиазмом боролись за призовые места. В волейболе зрители наслаждались динамичными матчами, где каждая команда демонстрировала отличную технику и командный дух. Особенно запомнился финальный матч, в котором Буландынский район одержал победу, благодаря слаженной игре и поддержке болельщиков.

болельщиков. Почетное 2 место заняла команда района Биржан Сал. 3-го места удостоилась команда Бурабайского района.

Настольный теннис добавил дополнительный драйв в соревнованиям. Быстрые раунды и зрелищные розыгрыши не оставили равнодушными ни одного зрителя. Игроки продемонстрировали отличные навыки и завоевали аплодисменты за свои выступления. По итогам соревнования по настольному теннису 1 место завоевали игроки района Биржан Сал, 2 место - команда Астраханского района, 3 место - команда Бурабайского района.

В шахматном турнире разгорелась настоящая интеллектуальная битва. Участники проявили стратегическое мышление и терпение. Наблюдая за игрой, зрители могли почувствовать напряжение и азарт, особенно в решающих партиях. Почетное 3 место по шахматам заняла команда Астраханского района, игроки Бурабайского района заняли 2 место, а 1 место выиграла команда Буландынского района.

В завершение всех соревнований прошла торжественная церемония награждения. Команды получили медали и кубки, а также памятные подарки. Общеконданное 1 место заняла команда хозяев спортивной арены - Буландынского района, 2 место - район Биржан Сал, 3 место - Бурабайский район.

Поздравляем победителей и участников! Спасибо всем, кто пришел поддержать команды и сделать это событие незабываемым! Это мероприятие стало не только площадкой для спортивных достижений, но и прекрасной возможностью для укрепления дружеских связей между районами.

Буландынский районный маслихат выражает благодарность депутатам 8 созыва, руководителю отдела спорта и культуры С. Т. Шортаеву, директору районного дома культуры А. Ж. Кенжеғалиеву, и.о. главного врача М. Ж. Алтыбаеву, директору ДЮСШ С. М. Шайкенову, члену Общественного совета Ж. Зандыбай, администрации персоналу кафе «Береке» в лице И. Телепнева, директору ТОО «Новобратское и К» В. Ю. Кужлеву и всем, кто оказал содействие в организации и проведении данного мероприятия.

**По материалам районного маслихата.**



## Қарттарға құрмет – ұрпаққа міндет

Қазан айы – қазыналы қарттар айлығымен ерекше. Үлкенге құрмет, ізеттілік танытып, мейірімділік пен жылылық сыйлайтын қарттар айлығының жыл сайын деңгейі артып, аясы

кеңейіп келеді. Түрлі мерекелік шаралар, кездесулер, жарыстар ұйымдастырылып қариялардың көңілдеріне медет сыйлауда. Сондай шараның бірі

аудандық мәдениет және тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі мен «Ардагерлер кеңесі» бірлесіп өткізді. Қарттар айлығына орай ақыл ой спорты саналатын шахматтан жарыс өткізіп, оған қатысқан қаряларымызға дастархан жайып, сыйлықтар табыстап құрмет көрсетті. Ардагерлер кеңесінің төрайымы Биғайша Исламбекқызы Тұртанова, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің басшысы Серік Телетайұлы Шортаев құттықтау сөз сөйлеп, көнекөз қарияларымызға

алғыс білдірді. Ал, тартысты өткен шахмат жарысында 1-орынды Асан Жанабаев иеленсе, 2-орын Текен Болатбекке бұйырды. 3-орынды Ильмир Исламгереев иеленді.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.



## Рухани келісім – тұрақтылық кепілі

18 қазан – Рухани келісім күні. 1992 жылы Алматыда Рухани келісімнің бірінші әлемдік конгресі өткен болатын. Сол конгреске қатысушылар 18-қазанды әлемдегі дінаралық, ұлтаралық қақтығыстардың тоқтап, татулық, ізгілік, бейбітшілікке шақыру күні деп жариялау туралы манифест қабылдады. Содан бастап бұл күн елімізде «Рухани келісім күні» ретінде дәстүрлі түрде аталып келеді. 130-дан астам ұлт өкілдері тұратын елімізде бес мыңнан аса Үкіметтік емес ұйымдар мен 200-ден астам этномәдени орталық, 18 конфессияға тиесілі 3600 ден астам діни бірлестік бар. Бәрі бір шаңырақ астанда берекелері жарасып, тату-тәтті қызмет етіп жатыр. Осы орайда ең басты құндылық рухани келісімді ту етіп, тұрақтылықты сақтау. Сондай-

ақ бұл күннің бір маңыздылығы әр түрлі діни ұстанымдағы адамдардың бір арнаға бас қосып, адамзатқа ортақ мәселелерді шешуге атсалысулары.

Осы бір айтулы күннің маңыздылығын сұрап, аудандық мешіттің бас имамы Дәрігерхан Тұрдақынұлын сөзге тартты: «Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Алла Тағала қасиетті құранда «Әли Имран» сүресінде: «...бөлінбедендер» деп әмір еткен. Яғни біздің асыл дініміз адамдар арасында ауызбіршілікті сақтап, мейірімділікке шақырады. Ардақты Алла елшісінің өзі бір хадисінде: «...Көпшілікпен бірге болыңдар! Бөлінуден сақтаныңдар» дейді. Жалпы Ислам – мейірімділіктің



діні. Адамды әділ, шыншыл, аманатқа қиянат жасамайтын, күнәлі істерден аулақ болуға тәрбиелейді. Өкінішке

орай, әлемде қан төгіп, түрлі жамандықтар жасап оны дінге жапқысы келетіндер көп. Бірақ, ол дін емес. Алла

Тағала құранда: «Бір-бірлеріңе ізгі істерде, тауқалықта көмектесіңдер. Күнә жасауға, дұшпандыққа жәрдемші болмаңдар...» деп қатаң ескертеді. Сондақтан, ұлтаралық, дінаралық татулықты ту еткен Рухани келісім күнінің біз үшін де маңызы зор».

Рухани келісім күнін – тұрақтылықтың іргетасы десек қателеспеспіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: Береке мен бірлік, тұрақтылық пен тыныштық, татулық пен келісім біздің басты байлығымыз»-деген болатын. Ендеше сол байлығымызды көздің қарашығындай қорғап, тұрақтылықты сақтау барша қазақстандықтардың асыл аманаты.

З. ЖАЙНАРБЕК.

## Көкшенің Құдайберлісі

Сонау 1990 жыл. Шағын қаланың ішінде «Темірқазық» қазақ жастар орталығы ашылыпты деген хабар желдей ескен. Қазір ғой, орталық, ұйым дегендерге көз үйреніп, көңіл қанықтаны. Қандай орталық екен дескен тосын, таңсық жаңалықтан құлақтанған жұрт. Ұлттық дәстүрімізді жаңғыртып, әдет-ғұрпымызды тірілтіп, төл өнерімізді өрістетуді мақсат тұтқан деседі.

«Аты жақсы екен», дескен ұлтқа қатысты шаруаға бүйрегі бұрып тұратындар.

Темірқазық, Демекуақытшымылдығы тұмшалаған, кеңестік темір шеңгелмен құрсауланған кеңістіктен бұзып-жарып шыққан ұлт мұратының темірдей тегеурінді, мық шегедей мықты тірегі болмақ қой. Басшысы – сол уақытта айтыскер ақын ретінде тәмам жұртқа танылып қалған Құдайберлі Мырзабек. Студент, жұмысшы жастар аз ғана уақыттың ішінде болашағынан үлкен үміт күттіретін орталық төңірегінде топтаса бастады. Халық бұл кезде көне мұрасына, қасиетті мұрасына шын мәнінде сусаулы еді. Құдаш бастаған орталық негізінде Құдаштың өзі алғашқы шаруасын Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай республикалық айтыс өткізуден бастады.

Бұрын мұндай іргелі шаруаның ортасында жүрмеген соң білменді. Қияпат іс екен. Дәтке қуаты, сол кездегі Көкшетау қалалық атқару комитетінің төрағасы Серікжан Қасымовтың қолдай кеткені. 10 мың рубль бөлгізді. Ол кезде көп қаражат. Ақындарға жүлде қорын жасақтау да оңай-оспақ шаруа емес екен. Ілкі заманнан бері сал-серінің мекені атанған Көкше топырағынан лайықты сый-құрмет көрмей кетсе, сүйекке таңба-дағы. Айтысты ұйымдастырудың машақатымен жарғақ құлағы жастыққа тимей зыр жүгіріп жүрген Құдайберлі Серікжан ағасының кабинетін босатпайды. Сөйтіп жүріп үш мұздақтық, үш теледидар, он кілем, үш кір жуу машинасын алған. Ақын інісінің болашағынан үлкен үміт күтетін қала басшысы қалауын орындап, жомарттық танытты.

Бір кезде өзіміз көрген, осындай

деңгейдегі тұңғыш сөз сайысының куәсі болған сол бір мерейлі шақ күні бүгінге дейін көз алдымызда. Облыс орталығындағы ең үлкен Ленин атындағы мәдениет сарайы лық толған. 600 орындық сарайға 900 адам жиналған. Бәліміз, одан да көп. Орын жетпегендер қос қатар орындықтың ортасындағы баспалдақтарға отыруға мәжбүр болған. Қалай да айтыс деген құдіреттің сөзбен айтып жеткізгісіз кереметін көрмек, тамашаламақ.

Алғашқы үлкен айтыстың ұлағатын, әдемі әсерін тілмен айтып жеткізу – қиынның қиыны. Ұлт мұратына қатысты шымыр шумақтар, орынды айтылған айшықты пікірді халық қолдап, ду қол шапалақтап, сарайды басына көтерді. Елдікті ойлаған, ұлтының болашағын көксеген халық үш жүздің басын қосқан айбарлы хан Абылайдың ерлігін ұрпаққа үлгі етейік деп шешті. Ел Президентіне ұсыныс хат жазылды. Хатта бар ғұмырын халқының бірлігіне арнаған аруақты ханның ескерткішін тұрғызсақ, көшеге атын берсек, республика көлемінде мерейлі мерейтойын өткізсек деген ұсыныстар жазылды. Айтыс көрермендері түп-түгел қол қойды. Халық талабы тегеурінді екен, алғашында тосын дүниеге тіксіне қараған облыс басшылары райынан қайтып, қолдағандай болды. Бурабай баурайында республикалық көлемде Абылай хан тойының өтуіне бастамашы болған осы айтыс, айтысқа жиналған халықтың қалауы еді. Осы игі істің басында жалынды жырларымен жалпақ жұртты тәнті еткен талантты ақын Құдайберлі Мырзабек тұрған.

«Елу жылда ел жаңа» демекші, нарықтық қатынас басталған кезде әманды жақсы жаңалыққа жаны құмар ақын қазақ жастарын жаңаша жұмыс істеуге үйретпекші болып ұмтылды. Сол жұмысқа бастамашы бола отырып, шарапаты ең алдымен алтын бесік ауылға тисе екен деп аңсады. Қошқарбай тауының баурайындағы шоқ жұлдыздай шағын ғана Қошқарбай аулында жұмысын бастамақ. Құдаштың ойынша, ауыл жастары кәсіп істеп үйренуі керек. «Алма піс, аузыма түстің» заманы өткен. Ауыл еңбеккерлерінің қордаланып қалған қарызы бар екен.

«Темірқазық» орталығының есебінен төлеп берді. Екі трактор әкелді. Ауыл шаруашылығына қажетті өзге де қыруар техника жеткізілді. Сегіз пәтердің құрылысы басталып, аяқтауға қаражат табылмай жатыр екен, сегіз үйге еркін жетерлік кірпіш түсірілді. Ол кезде қол жете бермейтін дүние. Енді-енді іске кірісерде аудан басшылары алғашқы ойынан айнып, жолын кескені...

Есімі ісі қазаққа танымал Ерік Асқаровты Алматыдан Көкшеге көшірді. Басына баспана әперді. Көлігін мінгізді. Облыс орталығында тұңғыш рет Науан хазірет атындағы баспахана ашуға қаражат бөлді. Әдебиет майданында, айтыс сахнасында жалаңтөс батыр атанып жүрген ерке ақын Еріктің Көкшеге келуі сөз өнерін сыйлайтын тәмам жұрттың көкейінен шығып, ел тағы да Құдашқа ақ алғысын жаудырды.

Рухани жүдеп, салы суға кетудің аз-ақ алдында тұрған елдің еңсесін көтеру міндет еді. Алдымен ақын үшін, ел қамын ойлайтын азамат үшін парыз іспетті. Мектепте қатар оқып жүргенде Құдаштың көкірегіндегі арманының ұшқынын талай сезінгенбіз. Жасыл шалғыны кеудеден келетін сайын дала. Желқуық ақбоз ат, соңында жүйрік тазы. Алашқа ақ бесік болған ақселеулі даланы асқақ әнімен тербетіп, жалынды жырымен жадыратып ақын келе жатыр. Қатар оқыған, оқи жүріп елді сүйген жүрегінің дүрсілін тыңдаған замандастың жанынан жай тапқызбайтын бала-уса арманның бедерлі бейнесі осы еді. Кейін Алматыдағы эстрада-цирк өнер колледжінің түлегі, дәстүрлі әнші Қажыбай Жахинді, атағы Алашқа танылған Серік Құсайыновты жанына топтастырып, ел аралады. Ілкі замандағы сал-серілердің дәстүрімен. Қайда барса да, ұлттық өнерге сусап отырған тәмам жұрт төбесіне көтеріп қарсы алатын, сөзге жүйрік Құдаш ел есінде сақталған ескі естеліктерді тірілтіп, бағзы замандығы баһадүр бабалардың елдік пен ерлікті аңсаған кейінгіге өнеге жолдарын сипаттайтын. Ал Серік ақын жырмен өрсе, Қажыбай әнші әнмен әдіптейтін. Ел еңсесін көтеруге қызмет етті. Көне кебезненің

қақпағын ашып, асыл мұраны аршып алып, халқына табыстады.

Бірде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Қасым Тәуекенов ағасы шақырған. Мерейлі міндет жүктеді. Ресейдің Омбы, Түмен аймағын жайлаған қалың қазақты аралап шығу керек. Ел сәлемін жеткізу парыз. Ондағы елді атажұртқа шақырса тіпті жарасымды. Сол кездегі облыс орталығындағы кітап дүкенінің директоры Қасқырбай Сейдахметовке тапсырған. Іргедегі Ресейде рухани дүниеге шөлдеп отырған ағайынға құрқол бармай, ел сәлемдемесін ала барса, жөн болар еді. Облыстық партия комитетінің үшінші хатшысы, белгілі жазушы Жанайдар Мусин көп көмегін тигізген. Көлікке қазақ тіліндегі әдебиеттерді тиіп алып, шет жайлап, шалғайда жүрген ағайынның ортасына күмп ете түскен. Қасында әйгілі әнші Қажыбай Жахин бар. Омбыдағы «Мөлдір» ұлттық мәдени орталығында болып, қазағы қалың елді мекендердің картасын жасап алып, ел аралады. Бірінші хатшы Қасым Тәуекеновтің сәлемдемесін жеткізген. Қазақ елі қашан келсең де құшақ жайып қарсы алады. Бар тұрмыстық жағдайыңды жасайды дескен. Тағдырдың тәлкегімен бір кезде үдере көшкен жұрт ата қонысқа ат басын тіктеген ұлы көштің алғашқы легі осындай сәтті де сүйінішті қадамнан басталған.

Ет жүрегі елім деп соққан Құдайберлі Мырзабек облыс орталығындағы Мәлік Ғабдуллин мұражайының директоры болып біраз жыл қызмет етті. «Мәлік Ғабдуллин тұлғасына ғылыми бетбұрыс» деп аталатын көпжылдық бағдарламасын әзірледі. Ізгі мұратын ілгері бастырудың тетіктерін дәл тауып отырды. Ғалым тұлғасын ардақтап, мұрасын қастерлеп, бар еңбегінің басын біріктіріп, кейінгіге үлгі-өнеге етудің оңтайлы жолдарын қарастырды. Музей қорында ұзақ жылдан бері жинақталып қалған қыруар материалды электронды форматқа көшіріп, ғылыми кеңес отырыстарында мұқият жүйелеп, көптомдықтың тұжырымдамасын жаса-



ды. Тұжырымдамада Серік Негимов, Аманжол Ыдырысов, Сәбит Жәмбек тәрізді ғалымдар ұсынған бірнеше нұсқаның негіздері талқыланып, мақұлданды. Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сараптама кеңесіне тапсырылып, рецензия алынды. Көптомдықтың алғысөзін академик Уәлихан Қалижанов жазды. Осы музейде Мәлік Ғабдуллин тұлғасын зерттеу және насихаттау мақсатында «Мәлік батыр» атты кітап жарыққа шығарылды. «Ақын халықтың батыр ұлы» атты жинақ жарық көрді.

Бүгінде облыс орталығындағы Тарихи-өлкетану мұражайының директоры болып қызмет істейтін ақын Құдаш өлкенің өрісін, ұлт мұратына талғажау болатын тұстарын мұқият зерттеп жүр. Алға қойған мақсатына жетпей тынбайтын талапты да талантты, алғыр ақынның халқына берер сыбағалы сыйы аз емес.

Бірнеше халықаралық, республикалық ақындар айтысында жұлдызы жарқыраған Көкшенің Құдайберлісі туған халқына өлеңімен ғана емес, бар өмірімен, жан-тәнімен қызмет етіп келеді. Біздің бірауыз сөзбен айтқымыз келгені де осы еді.

Б. БАЙӘДІЛ.

# МЕРЕКЕГЕ ТОЛЫ АПТА – ПРАЗДНИЧНАЯ НЕДЕЛЯ

## За окном – золотая осень, а в душе – цветущая весна

Весь октябрь месяц мы посвящаем людям мудрого возраста - нашему уважаемому старшему поколению, которое, несмотря на годы, являются стойкими и выносливыми - людьми с большой буквы. День пожилого человека - праздник чистый и светлый, праздник наших родителей, бабушек и дедушек, который напоминает не только обществу, но и родным о том, что рядом живут люди, требующие заботы и внимания.

В районной модельной библиотеке в минувшую пятницу, вопреки капризам природы, состоялась душевное и теплое мероприятие под названием «Славим возраст золотой» в рамках праздника добра и уважения. Организовали и провели встречу поколений районная библиотека, районные Советы ветеранов и матерей, народный ансамбль бабушек «Ақ жаулық».

Уютная домашняя обстановка, празднично накрытые дастарханы, нарядно одетые гости вечера – формат мероприятия располагал к приятной

беседе, ведь и повод был хороший, а ведь общение между людьми, обмен положительной энергией и вниманием – это те важные элементы, без которых невозможно представить жизнь.

В этот день никому не пришлось скучать: добрые пожелания сменялись красивыми песнями в исполнении вокального коллектива бабушек и музыканта Жансеита Тукибаева; ведущие мероприятия Людмила Матарыкина и Айнура Сулайманова поднимали настроение присутствующим занимательными викторинами и играми. Интересный диалог развился вокруг вопроса, адресованный гостям: «Чем вы занимаетесь, когда у вас плохое настроение?». Гости делились своим опытом в данной ситуации, причем, ответы были почти одинаковые: оказывается, преодолеть неприятное состояние, ввиду плохого настроения, многим помогает занятие любимым делом. Например, те, кто любят петь – поют, те, кто хорошо готовит – создает волшебство на кухне, для любителей чтения – это идеаль-

ное время для уединения с книгой, кто-то начинает заниматься физической работой по дому, кто-то затевает уборку, а вот некоторые идут по магазинам, ведь шопинг тоже оказывает положительное воздействие на наше внутреннее состояние. А многим просто необходимо увидеть и обнять внуков, чтобы вовсе забыть о невзгодах, один лишь их смех дарит сердцу тепло и дает стимул для жизни. Одним словом, плохое настроение – иногда только повод, чтобы еще раз обратить внимание на то, что важно в жизни и не думать о плохом.

С красивыми пожеланиями здоровья, добра, мира и благополучия обратились к гостям праздничного мероприятия председатель районного Совета ветеранов Бигайша Еслямбековна Туртанова, ветеран труда и государственной службы, активный представитель ветеранского движения Федор Иванович Штеттингер, председатель районного Совета матерей Людмила Анатльевна Ширинская,

советник акима по работе с лицами с инвалидностью и социально-уязвимыми слоями населения Балкадиша Негметовна Омарова, ветеран педагогического труда Роза Кабиденовна Кабдулина. Было сказано много теплых и прекрасных слов, спеты песни и прочтены стихи о возрасте, который мы красиво называем «закатом жизни» и «золотым веком жизни». Каждый, кто в тот день присутствовал на мероприятии, зарядился частичкой энергии, которая царил в зале, на минутку забыл о житейских хлопотах и, возможно, недуге. Ведь возникла возможность на некоторое время встретиться с земляками, познакомиться с прият-

ную музыку, выпить душистого чаю со сладостями, поднять настроение в пасмурную осеннюю погоду.

И пусть каждый новый день для нашего старшего поколения наполняется добром, светом, радостью. Пусть будут приятные встречи по хорошим поводам, дружеские чаепития, милые беседы, приятные хлопоты и мирные заботы.

А. АМАНЖОЛОВА.



## Ақұштап әлемі

Батыс Қазақстан облысында «Ақжайықтың ақшағаласы» атанған ақын, «Отан» және «Құрмет» ордендерінің иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ақұштап Бақтыгерееваның 80 жасқа толуына орай айтулы іс-шара өтті.

Қазақтың аяулы ақын қызының мерейтойын туған жерінде атап өтуге жыл бойына көптеген іс-шара жоспарланған еді. Кездесулер, поэзия сағаттары, ақын оқулары, түрлі байқау облыстың бірнеше ауданында өтіп, ақын шығармашылығы кеңінен насихатталды. Бұл іс-шаралардың бәрінде Ақұштап поэзиясымен бірге жалпы әдебиет әлемі, қазақ мәдениеті, ұлттың ұлағаты да шырқау биікке шығып, халық сүйіспеншілігіне бөленді.

Мысалы, ақын мерейтойына орай ұйымдастырылған қыз-келіншектер арасындағы облыстық жыр мүшәйрасына қазылық еткен қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бауыржан Ғұбайдуллин осындай іс-шаралар жастарды әдебиет әлеміне тартып, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға сеп болатынын атап өтті.

Осы мерейтой аясында Орал қаласында «Ақұлла» республикалық композиторлар байқауы да табысты өтті. Ақынның лирикалық жырлары бұрын да әсем әуенге бөленіп, ел аузында жүрсе, жаңа байқаудың арқасында

тағы да бір топ жаңа туынды сахнаға жол тартты. Бұл байқауға Астана қаласы, Ақмола, Ақтөбе, Түркістан, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарынан үміткерлер өтініш берген екен. Нәтижесінде, бас жүлде ақынның «Махаббатым жайлы жазбас едім» өлеңіне ән шығарған батыс қазақстандық жас композитор Елжас Мағзомға бұйырды. Сыйлық сазгерге автордың өз қолымен табысталды. Айта кетейік, жаңа ән шынымен де жүрек қылын шертетін әсерлі дүние болып шыққан. Байқаудың өзге жүлделері де осал емес. Ақынның мерейтойынан күллі қазақ мәдениеті пайда көрді, биіктей түсті деп отырғанымыздың дәлелі осы.

Ақұштап Бақтыгереева мерейтойының шырқау шегі оның туған жері – Теректі ауданында болды. Ақынның кіндік қаны тамған Ақжайық ауылында Әдебиетшілер үйі ашылды. Алты бөлмелі сәулетті сарайда өңірдің өнер адамдарына барлық жағдай жасалған. Ақынның жеке бұйымдарынан жинақталған бөлме – жеке кабинет музей сынды әсер берсе, өзге бөлмелерде жастар бас қосып, түрлі үйірме жұмысын жүргізуіне мүмкіндік жасалған. Батыс Қазақстан облысында бұған дейін де табысты қызмет етіп келе жатқан Жұбан үйі, Қадыр сарайы секілді өнер ордасына айналар деп үміт еттік.

– Бұл Теректі ауданы – тарихы жоғалған, толық

түгенделмей жүрген өңір. Өйткені отаршылдықтың оспадар саясаты бұл жерде күшті жүрді. Тіпті кешегі тың игеру науқаны кезінде Теректі топырағы түранның астында қалды. Ылғи түрмеден шыққан, тек қана трактор айдай білетіндер келді. Теректі ауданының негізін солар құрап, содан бізде тіл жоғалды. Тіл жоғалса, көп нәрсе жоғалады. Енді осы Әдебиетшілер үйінің әсерінен туған жердің төл тарихы жинақталса, тіліміз төрге шықса, менің арманым жоқ. Осыған қатты қуанып отырмын, – деді Ақұштап ақын.

Ақжайықтағы әдебиетшілер үйінің алғашқы іс-шарасы ақынның өзі қатысқан

## Құтты болсын!

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының және «Отан», «Құрмет» ордендерінің иегері, ақын Ақұштап Бақтыгерееваның «Ақұлла» Республикалық композиторлар байқауында III дәрежелі Дипломды жерлесіміз, әнші-композитор Серікжан Сағидолда иеленді.

Жерлесімізді марапатымен құттықтап, зор шығармашылық табыстар тілейміз!



қаламгерлер конференциясы болды. Жиынды Жазушылар одағы Батыс Қазақстан облысы филиалының төрағасы, облыстық «Орал өңірі» газетінің бас редакторы, Ұлттық құрылтай мүшесі Бауыржан Ғұбайдуллин жүргізіп, бірнеше тақырып талқыланды. «Ақжайық» телеарнасының директоры Клара Қамбетова Ақұштап Бақтыгерееваны арнаның алпыс жылдық мерейтойына арналған мерекелі медальмен марапаттады. Кездесуде ақынның 80 жасына арнайы түсірілген фильмнен үзінді көрсетілді.

Ақын мерейтойына арналған іс-шаралардың қорытынды нүктесі аудан орталығы Теректі ауылында «Ақжайыққа жыр арнағым келеді» атты әдеби-сазды кешпен қойылды. Сахнада ақын сөзіне жазылған әндер шырқалып, жас ақындар той иесіне арнау өлеңдерін оқыды. Өз кезегінде Ақұштап Бақтыгерееваны да жаңа жырларын ортаға салды.

Кеш соңында ақын сөзіне жазылған «Оралдың ерке самалы» әні шырқалды. Теректі ауданының әкімі Әлия Мұханбетжанова мерейтой иесінің иығына аудан жұрты атынан камзол мен ақ орнамал жапты.

Батыс Қазақстан облысы.

# ДУНИЕЖУЗІЛІК НАН КҮНІ – ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ ХЛЕБА

Сегодня, как и во все времена, в любой стране мира хлеб и хлебобулочные изделия пользуются неизменной любовью. Даже сейчас, когда многие придерживаются различных диет, заменяя хлеб низкокалорийными хлебцами, галетным печеньем или сухариками. Люди разных национальностей всегда бережно и трепетно относились к хлебу, к своему кормильцу. Ему отводилось самое почетное место на столе, он был и остается символом жизни. А в прежние времена хлеб был и главным признаком достатка в семье и благополучия в доме. Ведь недаром про него существует столько поговорок: «Хлеб всему голова», «Без соли, без хлеба - половина обеда», «Без хлеба и медом сыт не будешь» и другие.

Кстати, история хлеба насчитывает несколько тысячелетий. Согласно научным исследованиям, первые хлебные изделия возникли около 8 тысяч лет тому назад. Внешне они выглядели как лепешки, готовились из крупы и воды и выпекались на раскаленных камнях. Первый дрожжевой хлеб научились делать в Египте. Уже тогда хлеб считался кормильцем и ассоциировался с солнцем и даже обозначался с ним (в ранней письменности) одним символом - кругом с точкой в центре.

Всемирный день хлеба - это и профессио-

нальный праздник работников данной отрасли, и, конечно же, дань уважения продукту, когда чувствуют и всех профессионалов, связанных с производством хлеба, и сам хлебушек. К тому же, это ещё один повод привлечь внимание широкой общественности к проблемам голода, нищеты и недоедания в мире.

Поэтому традиционно, во Всемирный день хлеба во многих странах проходят разнообразные выставки хлебной продукции, встречи кулинаров, пекарей и кондитеров, ярмарки, мастер-классы, народные гулянья, а также бесплатные раздачи хлеба всем нуждающимся, благотворительные акции и многое другое. Все желающие могут не только попробовать различные сорта и виды хлеба и хлебобулочной продукции, но и узнать о том, как появился хлеб, его историю и традиции, из чего он сделан, где рос, как выпекается и т.д. В этот праздничный и светлый для всего человечества день хлебопеки со всех уголков Земли принимают поздравления и признательность в тяжелом и ответственном деле — выпечке вкусного, ароматного и полезного хлебушка.

С праздником всех - кто ест хлеб, и кто вкладывает силы и душу в его создание!



## ASSEL'S BAKERY: частица души и добра – в каждой выпечке...

Душистый аромат свежей выпечки, уютный зал, выполненный в ласкающих взор светлых тонах, теплая атмосфера, располагающая к приятному времяпровождению за чашкой бодрящего кофе – так выглядит место, куда хочется приходить чаще, чтобы окунуться в волшебный и чарующий мир кулинарных шедевров, где всегда вкусно пахнет и на душе становится тепло, ведь сознание словно возвращает нас в детство, в теплый дом, где манит ароматом новопеченного хлеба. Это описание, как и впрочем, дальнейший рассказ, местной кондитерской «Tätti» ASSEL'S BAKERY, основателем которой является известный в районе кондитер Асель Каппасова.

У Асель удивительная энергетика: своей лучезарностью и приятной улыбкой, ухоженной, красивой и аккуратной внешностью она сразу же располагает к себе. Наверное, неслучайно у нее самая нежная и вкусная продукция, ведь сам характер мягкий и покладистый, а там, где хлеб, там должна быть частица души и добра, иначе никак. Сегодня работа с хлебом, тестом и всем, что связано с выпечкой, является для Асель главной профессиональной стезей. К занятию весомой ниши в кулинарной сфере района она шла небольшими, но уверенными шагами, развивалась, совершенствовалась, дополняла знания, проходила курсы и обучение. Но...обо все по порядку.

Асель – разносторонняя личность. Да, прежде всего, она профессиональный кондитер, но вместе с тем она супруга, мама, менеджер, дизайнер, и даже психолог, ведь работая с людьми, очень важно быть к ним максимально ближе: пирог не получится нежным и вкусным, если в него не вложена душа. Вообще, по образованию она бухгалтер, но, возможно, строгий мир цифр и отчетов потерял ответственного сотрудника, но несомненно таланту обязательно нужно было найти призвание и сегодня представить Асель вне сферы кулинарии, наверное, невозможно. И так изо дня в день, из года в год Асель неустанно трудится для того, что подарить землякам радость в виде вкусной выпечки, подарить эмоции, которые остаются в памяти надолго.

Любовь к кулинарии у Асель сформировалась с детства. С 8-10 лет, будучи в школьном возрасте, она умела и хотела работать с тестом. Способность дочери поддержала мама, купив популярную в тех годах чудо-печку. С этих пор Асель не расставалась с любимым занятием, всегда радовала семью вкусностями. Будучи в декретном отпуске со вторым сыном

пришла идея выпекать и выставлять фото кулинарных изысков на собственной странице в Инстаграм. Это было лет 10 назад. Так, собственно, и начался путь кондитера. Появился первый заказ и достаточно сложный – двухъярусный торт. С заказом Асель успешно справилась. Дальше пошли новые заказы, сначала выпекала дома на известной печке «Асель», позже приобрела другую, более усовершенствованную печь. Известное в народе «сарфанное радио» работало эффективно: об Асель и ее потрясающей выпечке заговорили вокруг. Заказы стали увеличиваться, бренд, носящий имя кондитера, уже был у многих на слуху. Пришло время расширяться, так как спрос на продукцию возрастал. С супругом Ерланом, который всегда поддерживал все начинания Асель, продумывали, как расширить производство. В центре города на продажу было выставлено бизнес-помещение, где вскоре и открылась кондитерская «Tätti» ASSEL'S BAKERY. Этот период, лично для Асель, несомненно, знаменуется новой вехой в становлении и развитии ее, как успешного кондитера. Многолетний труд был потрачен не впустую – продукция пользуется огромным спросом, потому что качество и оригинальность подачи для Асель самое приоритетное и значимое в работе. Летом этого года произошло еще одно приятное событие в профессиональной жизни Асель – на территории торгового дома «CITY Center» была открыта вторая точка кондитерской «Tätti» ASSEL'S BAKERY. Связано это было, конечно, с тем, что увеличилось число заказов, а главное правило бизнеса – расширение, если продукция пользуется спросом. Так можно наладить мосты сотрудничества, увеличить охват, а также работать над ассортиментом. Кстати, ассортимент выпечки постоянно обновляется. Хотя, как призналась в беседе Асель, она не всегда гонится за трендами и новинками в кондитерской индустрии. Например, если появляется новинка, не сразу пытается ее выпекать. Ведь основную долю спроса всегда составляли и составляют классические виды выпечки.

Как и любой профессиональный кондитер, Асель ведет постоянную работу над совершенствованием знаний и навыков в кондитерском деле: проходит мастер-классы, участвует в семинарах, тренингах, обучается новым техникам оформления, дизайна продукции. Самый первый свой мастер-класс прошла в г. Щучинске, дальше были другие города – Астана, Кокшетау и т.д. В настоящее время ей поступают предложения организовать собственный мастер-класс, поделиться своим наработанным опытом. Это предложение имеет для Асель важность, но пока этот вопрос она не обдумывала, ведь,

чтобы начать обучать ей потребуется дополнительное время, которого пока ей не хватает.

Производство вкусной продукции не обходится без помощи сотрудников. В кондитерской трудоустроена родная сестра Самал, которая, под руководством опытного наставника Асель, тоже формируется как профессиональный работник сферы. Во второй точке был взят на работу продавец. Таким образом, Асель обеспечила постоянной работой двух человек.

Много внимания уделяется такому важному вопросу, как обеспеченность профессиональным и специализированным оборудованием. При их выборе необходимо учитывать все соответствующие детали, чтобы и работала исправно, и служила долго. Предпочтение Асель дает производителям печей из Италии, считает, что они наиболее надежные и качественные.

